

Жемістер мен көкөністер базары

Жумагулова Замзагуль Барлыковна

"Талдықорған қаласының облыстық есту қабілеті
бұзылған балаларға арнайы мектеп-интернаты" КММ
тәрбиешісі

Тәрбие сағатының мақсаты: Оқушыларға жемістер мен көкөністер тақырыбы бойынша атауларын беріту. Өз беттерінше сюжетті рөлді ойынды ойнауды үйрету.

Дамытушылық: Оқушылардың тілін, есте сақтау, есту қабілеттерін дамыту.

Түзетушілік: Сөздік қорын молайту, дыбыстарын қадағалау.

Тәрбиелік: Әдептілікке, ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу.

Құрал жабдықтар: Муляждар, суреттер, қима қағаздар, теңге плакаттар

Тәрбие сағатының барысы

1.Қонақтармен сәлемдесу

Сәлеметсіздерме қонақтар!

2.Фонетикалық жаттығу Бб

Буын БА-БО-БУ

Сөз: бала, бота, бу

Сөйлем: Мынау әдемі балапан

3. Оқушыларға сұрақ

Қазір қай мезгіл?

Қазір қай ай?

Қыс айларын ата.

Бүгін ауа райы қандай?

-Батырхан Сәкеннен сұра жемістер қайда өседі?

-Сәкен Айгүлден сұра көкөністер қайда өседі?

Сәкен Батырханнан сұра көкөністер мен жемістер қай мезгілде піседі?

Тәрбиеші: - Қандай жемістерді білесіңдер?

Оқушылар: Алма, алмұрт, өрік, жүзім, банан, лимон, ананас, анар.

Тәрбиеші: -Қандай көкөністерді білесіңдер?

Оқушылар: Сәбіз, пияз, қияр, қырыққабат, картоп, қызанақ, пияз.

Тәрбиеші: Біз жемістер мен көкөністерді қайдан сатып аламыз?

Оқушылар: Дүкеннен, базардан, жәрменкеден.

Балалар, біз жемістер мен көкөністердің қайда өсетінін, қайда сатылатынын білеміз.

3. Видео

Саяхатқа қайда бардық?

Тәрбиеші: Қазір ойнаймыз. Не істейміз?

Түскі асқа дайындық жасаймыз. Ол үшін керек жемістер мен көкөністерді базардан сатып алуымыз керек.

Рөлге бөлу: Айгүл сен қыз боласың, Сәкен сен көкөніс сатасың, Батырхан сен жеміс сатасың. Аңсар,

Марғұлан, Әділет, Арнұр және Ерхат сендер осы үйдің балалары болады. Мен осы үйдің анасы боламын.

Балалар әркім өз орындарыңа барындар!

Анасы: балалар түскі астың уақыты болып қалды. Түскі асқа не ішкілерің келеді?

Айгүл: Анашым түскі асқа борщ жасанызшы.

Марғұлан: Мен шырын, компот ішкім келеді.

Арнұр: Мен алма, алмұрт, банан жегім келді.

Әділет: Анашым тосап жасайықшы.

Анасы: балалар үйде жемістер мен көкөністер бітті. Базарға барып сатып алып келейік.

Сатушы Сәкен: келіңіздер балғын көкөністер алыңыздар, картоп, қияр, пияз, қырыққабат, қызанақ бар, келіңіздер, алыңыздар.

Сатушы Батырхан: тәтті алма, алмұрт, шие, банан бар, келіңіздер алыңыздар.

Сәлеметсізбе ?

Сатушы Сәкен: Сізге не керек?. Не аласыз?

Әділет: маған 3 - тәтті алма, 2-жұмсақ алмұрт берші

Марғұлан: маған 2- лимон, 3- банан берші.

Марғұлан;Қанша теңге?

Әділет: алма неше теңге тұрады? Алмұрт ше?

Сатушы: Алма- 5 теңге, Алмұрт -3 теңге, Банан -2 теңге тұрады.

Марғұлан: Ақшасын алыңыз.

Сатушы: Рахмет.

Сатушы Батырхан: Сәлеметсізбе сізге не керек?

Ерхат: маған 2-картоп, 1-қырыққабат, 3-қызанақ беріңізші.

Арнұр: маған 2- пияз, 3-бұрыш берші. Қанша теңге?

Сатушы -5 теңге

Аңсар; 2- баялды, 2- сәбіз беріңізші, Қанша теңге?

Сатушы; Сізден -10теңге

Сатушы Батырхан: Жақсы, сізден -9 теңге

Сатушы: Алыңыз, рахмет, сау болыңыз!

Сатушы Батырхан: Тағы келіңіздер.

Анасы: Жүріңдер үйге қайтайық.

Анасы: Балалар келіндер түскі асты бірге жасайық, Ойын: «Ақылды аспазшы»

Ойынның шарты Балалар екі топқа бөлініп 1 Топ банкаға нәр су, компотқа қажетті жемістерді салады. 2-топ борщқа қажетті көкөністерді салады.

1-топ жемістерден компот, нәрсу жасайды,

2-топ Көкөністен борщ жасайды.

1топқа Сәкен, Марғұлан, Ерхат, Айгүл

2 топқа Батырхан, Арнұр, Әділет, Аңсар

Ойын «Дәмін тат, атын ата»

Ойынның шарты: Балалардың көзін жауып, кесілген көкөністер мен жемістердің дәмін татытып, атын атау керек.

4. Ойынды қорыту; Қандай тәрбие сағаты болды?

Ойын ұнадыма? Ойынға кім қалай қатысты өздерің бағасын беріңдер.

5. Балалар, біз бүгін жемістер мен көкөністер тақырыбын қайталадық, ойын ойнадық. Сендер жақсы ойнадыңдар, рахмет.